

**"Керделі ауылдық округінің 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №34/19 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 9 тамыздағы № 42/13 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 13 тамызда № 6870 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 9-1 бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Керделі ауылдық округінің 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 34/19 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6610 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2019 жылы 15 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Керделі ауылдық округінің 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 111 330 мың теңге, оның ішінде;

салықтық түсімдер - 2467 мың теңге;

трансферттердің түсімі – 108 863 мың теңге;

2) шығындар – 113 335 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0;

бюджеттік кредиттер - 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу -0;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 0;

қаржы активтерін сатып алу - 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 2005 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2005 мың теңге;

қарыздар түсімі - 0;

қарыздарды өтеу – 0;

бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары – 2005 мың теңге;"

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Шиелі аудандық мәслихат  
сессиясының төрағасы:

Н. Әмір

Шиелі аудандық мәслихат хатшысы:

Б.Сыздық

Шиелі аудандық мәслихатының 2019  
жылғы "09" тамыздағы №42/13  
шешіміне қосымша

Шиелі аудандық мәслихаттың 2018  
жылғы "28" желтоқсандағы №34/19  
шешіміне 1-қосымша

### Керделі ауылдық округінің 2019 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Кіші сыныбы	Атауы	
			1. Кірістер	111330
1			Салықтық түсімдер	2467
	01		Табыс салығы	668
		2	Жеке табыс салығы	668
	04		Меншікке салынатын салықтар	1499
		1	Мүлікке салынатын салықтар	129
		3	Жер салығы	170
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	1500
4			Трансферттер түсімі	108863
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	108863
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	108863
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			

			Атауы	
			2. Шығындар	113335
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	16702
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	16702
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	16702
		011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	1709
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	14522
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	471
04			Білім беру	61798
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	61798
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	61798
		011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	8757
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	53041
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	3893
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент	3893

			, ауылдық округ әкімінің аппараты	
		003	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	3893
		011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	494
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	3399
07			Тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық	9165
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	9165
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	930
		009	Елді мекенде тазалық санитариясын қамтамасыз ету	300
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	7935
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	18777
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	18777
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	18777
		011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	3874
		015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	14903
13			Өзге де	3000
			Аудандағы аудан әкімі аппараты, аудандық маңызы	

	124		бар қала, ауыл, ауылдық округ	3000
		040	"Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде өңірлердің экономикалық дамуына жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	3000
			3. Таза бюджеттік кредит беру	0
			4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	( -2005
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру профицитті пайдалану)	( 2005
7			Қарыздар түсімі	0
16			Қарыздарды өтеу	0
	8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	2005
		1	Бюджет қаражатының қалдықтары	2005
			Бюджет қаражатының бос қалдықтары	2005